

"Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 мамырдағы N 356 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес және "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазына" ОДҚ" АҚ) оның жарғылық капиталына «"Қазына" ОДҚ" АҚ жүз пайыз қатысатын "Әлеуметтік-инновациялық технологиялар" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - қоғам) құруды;

2) "Қазына" ОДҚ" АҚ қоғамның жарғылық капиталын 100000000 (бір жүз миллион) теңге мөлшерінде қалыптастыруды;

3) қоғам қызметінің мынадай :

әлеуметтік саладағы инновациялық технологияларды енгізуді қоса алғанда, "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын (бұдан әрі - жоба) ұйымдастырушылық сүйемелдеу;

жобаны іске асыруды бақылауды, инжинирингтік қызметтерді, халықаралық аудитті ұйымдастыру және қаржы қаражатын тарту негізгі бағыттарын айқындауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 44 мектеп салуды жүзеге асыру үшін құрылыс алаңына үлгі жобаларды байланыстыруға 504300000 (бес жүз төрт миллион үш жүз мың) теңге ;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес үш мектеп салуды бастауға Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне дамуға берілетін нысаналы трансферттер аудару үшін 1100000000 (бір миллиард бір жүз миллион) теңге бөлінсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1195 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне Алматы қаласында 150 төсектік қалалық перинаталдық орталық пен 260 төсектік ауданаралық туберкулезге

қарсы диспансер салуға 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 174163147 (бір жүз жетпіс төрт миллион бір жүз алпыс үш мың бір жүз қырық жеті) теңге бөлінсін.

4. Жобаны іске асырудың мынадай схемасы айқындалсын:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау объектілерін салуда тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асырады, Оңтүстік Қазақстан облысының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мектептер салуда тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асырады, қоғам жобаны операциялық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктері 2007-2009 жылдарға арналған басымды республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне жоба бойынша 2007-2012 жылдары іске асыру мерзімімен салуға жоспарланатын білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің тізбелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 қазандағы N 1017 Қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктері осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1195 Қаулысымен.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2007 жылғы 2 мамырдағы
N 356 қаулысына

1-қосымша

Құрылыс алаңына үлгі жобаларды байланыстыруға арналған мектептер тізбесі

Р / с N	Жобаның атауы	жобалық қуаты (орын)	Байланыстыру құны (мың теңге)
1	2	3	4

	Оңтүстік Қазақстан облысы	26 440	332 300
1	Мақтаарал ауданындағы "Мақта зауыты" тұрғын үй массивінде мектеп салу	1200	14 400
2	Мақтаарал ауданының Мырзакент ауылында Абылай хан атындағы орта мектеп салу	1200	14 400
3	Арыс қаласында "Стадион" шағын ауданында орта мектеп салу	900	11 200
4	Ордабасы ауданының Шұбарсу ауылында орта мектеп салу	1200	14 400
5	Кентау қаласында Бала Бөргем орта мектебін салу	600	8 000
6	Шымкент қаласының Қазығұрт шағын ауданында орта мектеп салу	1 200	14 400
7	Шымкент қаласының Сәуле шағын ауданында орта мектеп салу	1200	14 400
8	Шымкент қаласының Самал-3 шағын ауданында орта мектеп салу	1200	14 400
9	Шымкент қаласының Қайтпас-2 кентінде орта мектеп салу	1200	14 400
10	Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылында Фуркат атындағы орта мектеп салу	1 200	14 400
11	Түркістан қаласының Оралмандар ауылында мектеп салу	600	8 000
12	Түркістан қаласының Яссы ауылында мектеп салу	600	8 000
13	Қазығұрт ауданының Рабат ауылында Қызыл дала орта мектебін салу	300	4 300
14	Мақтаарал ауданының Еңбекші ауылында орта мектеп салу	900	11 200
15	Ордабасы ауданындағы Атамекен ауылында орта мектеп салу	600	8 000
16	Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп салу	300	4 300
17	Сайрам ауданы Тассай ауылдық округінің Достық ауылында орта мектеп салу	600	8 000
18	Созақ ауданының Жыныс ауылында орта мектеп салу	300	4 300
19	Шардара ауданының Жаушықұм ауылында орта мектеп салу	600	8 000
20	Сарыағаш ауданының Абай ауылында көп бейінді мектеп салу	600	8 000
21	Төле би ауданының Мәдени ауылында орта мектеп салу	300	4 300

22	Түлкібас ауданының Түлкібас ауылында 1 Мамыр көшесінде Б. Момышұлы атындағы орта мектеп салу	1200	14 400
23	Түлкібас ауданының Алғабас орта мектеп салу ауылында	600	8 000
24	Төле би ауданының Ленгер орта мектеп салу қаласында	1 200	14 400
25	Сарыағаш ауданының Сарыағаш каласында орта мектеп салу	900	11 200
26	Отырар ауданының Отырар орта мектеп салу ауылында	600	8 000
27	Бәйдібек ауданының Қайнар орта мектеп салу ауылында	320	4 450
28	Сарыағаш ауданының Бозсу Құрманғазы атындағы орта мектеп салу ауылында	900	11 200
29	Созақ ауданының Қарағұр орта мектеп салу ауылында	600	8 000
30	Шымкент қаласында N 24 орта мектеп салу	1200	14 400
31	Шымкент қаласының Тұрлан орта мектеп салу кентінде	1200	14 400
32	Бәйдібек ауданының Жұлдыз Майбұлақ орта мектебін салу ауылында	300	4 300
33	Бәйдібек ауданының Қаратас Н. Арапов атындағы орта мектеп салу ауылында	300	4 300
34	Түлкібас ауданының Келтемашат ауылында орта мектеп салу	320	4 450
	Астана қаласы	7 200	103 200
35	Ильинка кентінде орта мектеп салу	1 200	17 200
36	Оңтүстік-Шығыс шағын ауданында (Махтумкули көшесінің сол жақ жағы) орта мектеп салу	1 200	17 200
37	"Степной" гараж кооперативінің ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
38	Тілендиев даңғылының ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
39	Тілендиев даңғылынан оңтүстікке қарай ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
40	Әкімшілік қалашық ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
	Алматы қаласы	4 800	68 800
41	"Әйгерім" шағын ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
42	"Ұлжан" шағын ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200

43	"Қалқаман" шағын ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
44	Түрксібке бес жыл ауданында орта мектеп салу	1 200	17 200
	БАРЛЫҒЫ:	38 440	504 300

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2007 жылғы»2 мамырдағы
N 356 қаулысына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1195 Қаулысымен.

Оңтүстік Қазақстан облысы мектептерінің тізбесі және 2007 жылы оларды салуды бастауға облыстық бюджетке нысаналы трансферттер ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражат көлемі

Р/с N	Жобаның атауы	Жобалық қуаты (орын)	Салуды бастауға қаражаттар көлемі (мың теңге)
1	2	3	4
1	Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының "Стадион" шағын ауданында 900 орындық орта мектеп салу	900	456 707
2	Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Сарыағаш қаласында 900 орындық орта мектеп салу	900	449 870
3	Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Қарағұр ауылында 600 орындық орта мектеп салу	600	193 423
	БАРЛЫҒЫ:	2 400	1 100 000